

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2021 ж.22.10.№05-0-06/5715

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты –
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшесі
А.М. Жамаловқа**

*2021 жылғы 1 қазандағы
№ ДЗ-287 депутаттық сауалға*

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Сіздің қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы сауалыңызды қарап, төмендегіні хабарлаймын.

Ең алдымен, Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) қайғылы жағдайда қайтыс болғандардың туғандары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Халықтың шектен тыс кредит алу мәселесі үнемі Агенттіктің бақылауында. Агенттік қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі реттеу шараларының кешенін қабылдады.

1. Тұтынушылық кредиттеудегі тәуекелдерді шектеу үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінен аз азаматтарға қарыз беруге тыйым енгізілді және банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін қарыз беру кезінде қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициентін есептеуге арналған талап белгіленді, ол қарыз алушы кірісінің 50%-нан аспауға тиіс.

2. Қарыздар мен микрокредиттер алған азаматтарды қорғауды күшейту үшін ағымдағы жылғы мамырда Банк, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша заң (бұдан әрі – Заң) қабылданды.

Заңмен микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті шарттарына талаптар белгілеу бекітіледі. Шарттың бірінші бетінде микрокредиттің толық құны туралы ақпарат: артық төлем сомасы, сыйақы мөлшерлемесінің және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (бұдан әрі – ЖТСМ) мөлшері болуға тиіс.

Азаматтардың қарыздар мен микрокредиттер бойынша проблемалық берешегінің өсуін шектеу мақсатында 2021 жылғы 1 қазандағы заңмен банктер мен микроқаржы ұйымдары (бұдан әрі – МҚҰ) үшін бірыңғай міндетті азаматтардың кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегін реттеу тәртібі енгізілді, ол қарыз алушыда төлем мерзімінің өтуі туындау сатысында қарыздарды қайта құрылымдау жөнінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Қарызды қайта құрылымдау шарттары бойынша кредитормен келісімге қол жеткізілмеген жағдайда қарыз алушы Агенттікке жүгінуге құқылы. Өз кезегінде, Агенттік өтініштің мән-жайына жасалған талдау негізінде банктің/МҚҰ-ның сотқа дейін реттеу рәсімдерін сақтауы, оның ішінде қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы туралы ұсынған ақпараттың анықтығы және банктің/МҚҰ-ның қарызды қайта құрылымдаудан бас тартуының негізділігі тұрғысынан құжаттамалық тексеру жүргізеді.

Ипотекалық қарыз алушыларды қорғау шарасы ретінде Агенттік қарыз алушының өтінішін қарау кезеңінде кредитор борышкерлердің кепілге салынған мүлкін өндіріп алу рәсімін халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын (бұдан әрі - ХӨОТ) борышкерлерден бастауға құқылы емес.

Заңды іске асыру үшін Агенттік Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 және № 84 қаулыларымен Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау қағидалары және Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидалары бекітілді.

Осылайша, ағымдағы жылы заңнамалық деңгейде банктерге берешекті реттеу режимі шеңберінде барлық шараларды қабылдамай кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға тыйым салатын нормалар қабылданды.

3. Заңнамалық шаралардан басқа, жеке тұлғалардың 2004 - 2016 жылдар аралығында берілген проблемалық ипотекалық қарыздарын реттеу үшін 2015 жылдан бастап Елбасының тапсырмасы бойынша Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы іске асырылуда.

Бағдарламаның арқасында 48,5 мыңнан астам азамат жалғыз баспанасын сақтап қалды және борыш жүктемесін айтарлықтай төмендетті. Банктер 176,6 млрд теңге сомаға 28,5 мың қарызды қайта қаржыландырды. 27,2 мың валюталық ипотекалық қарыз теңгеге толығымен айырбасталды, ал 2016 жылдан бастап заңнамалық деңгейде валютамен кірісі жоқ жеке тұлғаларға валюталық қарыз беруге тыйым салынды.

ХӨОТ санатына жататын қарыз алушылар үшін ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландырудан және айырбастаудан басқа Бағдарламада жалғыз баспананы сақтау мақсатында қосымша қолдау шаралары көзделген. Банктердің меншікті қаражаты және Бағдарламаның есебінен 6,2 мың адамның 30,7 млрд теңге сомаға негізгі борышының және сыйақысының қалдығын есептен шығару жүргізілді.

4. Ағымдағы жылғы мамырда қабылданған заңнамалық шараларды іске асыру үшін ХӨОТ санатынан қарыз алушыларды қолдаудың қосымша шаралары әзірленді. Ол үшін Агенттік банктермен, азаматтық қоғам институттарымен және Алматы қаласының әкімдігімен бірлесе отырып «Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы» Меморандумға қол қойды.

Меморандум шарттарына сәйкес проблемалық берешекті реттеу кезеңінде банктер сот талап-арызын беруді, берешекті өндіріп алу бойынша атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа тікелей жүгінуді, сондай-ақ ХӨОТ-қа жататын азаматтардың жалғыз баспанасын өткізуді, оның ішінде банктің балансына қабылданғанын және қарыз алушыларды баспанасынан шығаруды, оның ішінде банктің балансындағы осы мүліктің бұрынғы меншік иелерін шығаруды тоқтата тұрады.

Қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды қосымша күшейту үшін ұсынылған Сіздің ұсыныстарыңызға қатысты мыналарды атап өтеміз.

1) Ұзақ уақыт мерзімін өткізіп алған кезде жеке тұлғалар қарыздары бойынша сыйақы мен айыппұлдарды есептеуді тоқтату мерзімін белгілеуге, сондай-ақ қарыздардың барлық түрі бойынша борышты мерзімінен бұрын өтегені үшін айыппұлдар салуға тыйым енгізуге қатысты.

Қазір «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 34-1-бабының ережелерінде жеке тұлғалардың барлық ипотекалық қарыздары бойынша мерзімін өткізіп алудың 180 күні өткеннен кейін сыйақыларды, комиссияларды, айыпақыларды (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептеуге тыйым салу белгіленген. Бұл ретте Банктер туралы заңның 34-бабында жеке тұлғалардың кепілсіз тұтынушылық қарыздары бойынша мерзімін өткізіп алудың 90 күні өткеннен кейін комиссияларды, айыпақыларды (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептеуге қосымша тыйым салу қамтылған.

Қазіргі уақытта аталған түзетулер екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп қарастырылуда және олардың несие портфелінің сапасына және қарыз алушылардың төлем жасау тәртібіне әсері бағалануда.

2) Микрокредиттер бойынша мөлшерлемелерді төмендетуге қатысты төмендегіні атап өтеміз.

2020 жылдан бастап онлайн-кредиторлар, кредиттік серіктестіктер және ломбардтар Агенттіктің реттеуіне енгізілді. 2020 жылы 1 100 микроқаржыландыру субъектісі есептік тіркеуден өтті, ағымдағы жылы оларды лицензиялау аяқталды. Лицензия алмаған микроқаржыландыру ұйымдары бойынша оларды сот тәртібімен мәжбүрлеп тарату жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Микрокредит беруге қатысты ЖТСМ шекті мәндері белгіленген. Қазіргі уақытта барлық МҚҰ үшін ЖТСМ-нің рұқсат етілген шекті мәні 56%-ды құрайды, оған қарыз беруге байланысты комиссиялар мен қосымша төлемдер енгізілген.

Бұл ретте Микроқаржылық қызмет туралы заңға сәйкес МҚҰ номиналды мөлшерлемесі 30%-дан, ал қамтамасыз етілген қарыздар бойынша 20%-дан аспауға тиіс 50 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) (146 мың теңгеге дейін) аспайтын сомаға және 45 күнге дейінгі мерзімге микрокредиттер беруге құқылы. Бұдан басқа, сыйақы мен тұрақсыздық айыбын қосқанда, осындай қарыз бойынша барлық төлемдер микрокредит бойынша негізгі борыштың 2 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Агенттік келесі жылдың басынан бастап 50 АЕК дейінгі сомаға және 45 күнге дейінгі мерзімге берілетін барлық микрокредиттер бойынша шекті номиналды мөлшерлемені 20% мөлшерінде енгізуді жоспарлап отыр.

Заңнамалық түзетулердің негізгі әзірлеушісі болып Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындалған.

3) Мемлекет басшысы ағымдағы жылғы 22 қыркүйекте Үкіметке Ұлттық Банкпен және Агенттікпен бірлесіп, 2021 жылғы 1 қарашаға дейін атқарушылық іс жүргізу, жеке сот орындаушыларының жұмысы, екінші деңгейдегі банктердің бағалау қызметі мен кепілдік саясатын реттеу шеңберінде қатынастарды жетілдіру бойынша заңнамалық және нормативтік түзетулер топтамасын 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізе отырып, әзірлеуді тапсырды.

Әзірленген заң жобасының шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғауды жетілдіру бойынша Сіздің төмендегі ұсыныстарыңыз ескерілген қосымша шаралар көзделген:

- кепіл берушінің мүлікті үш айлық мерзімде өз бетімен өткізуін кепіл мүлкін сот арқылы және соттан тыс өткізу шеңберінде міндетті рәсім ету, өткізу құнының шегін бағалау күнінен 6 айдан аса уақыт өтпеген кепілдің бағалау құнының 75%-нан кем болмайтындай және 100%-нан артық болмайтындай белгілеу;

- атқарушылық іс жүргізу шеңберінде тұрғын үй жылжымайтын мүлкін сатуды төмендетудің шекті өлшемін бағалау құнының 75%-нан кем болмайтындай етіп белгілеу;

- кепілде тұрған жылжымайтын мүлікті сот арқылы немесе соттан тыс өткізу шеңберінде оның ішінде кредиторға, оның қызметкерлеріне және үлестес тұлғаларына; егер сауда-саттықтың екінші қатысушысы оның жақын туысы, зайыбы (жұбайы) болса, жеке тұлғаның сауда-саттыққа қатысуына тыйым салу;

- борышкер-жеке тұлғаның өндіріп алынатын, еңбекақының 2 еселенген ең төменгі мөлшерінен (қазіргі уақытта – 1 АЕК) асатын өзге мүлкі немесе табысы болмаған жағдайда, ипотекалық тұрғын үй қарызының шарты бойынша кепілге берілген жылжымайтын мүлікті сот тәртібінде сатқан жағдайда ипотеканы тоқтатуды көздеу;

- ипотекалық қарыз бойынша кепілде тұрған тұрғын үйді жеке атқарушылық іс жүргізуден тыс кепіл ұстаушылардың немесе сот орындаушыларының өтініштері бойынша өндіріп алу мүмкіндігін алып тастау;

- бағалаушылардың біліктілігі мен жауапкершілігіне қойылатын талаптарды күшейту;

- жеке тұлғаның баспанасымен қамтамасыз етілген ипотекалық қарыздар бойынша кепіл құнына қатысты берешектің мардымсыздығын айқындау шегін ұлғайту.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тиісті түзетулерді одан әрі ағымдағы жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу үшін 2021 жылғы 15 қазанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің атына енгізді.

Төраға

М. Әбілқасымова